



ШЕШІМ

РЕШЕНИЕ

2021 жылғы 12 сәуірдегі

№ 20

Қобда ауылы

село Кобда

**Қобда аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 395
«Қобда ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және
мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау
қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 26 бабына сәйкес, Қобда аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қобда аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы №395 «Қобда ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7903 тіркелген, 2021 жылғы 6 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген, Қобда ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларында:

9 тармақта:

2) тармақшасында:

«3500 (үш мың бес жүз) теңге» сандары мен сөздері «5000 (бес мың) теңге» сандары мен сөздеріне ауыстырылсын;

13 тармақта:

1) тармақшасында:

төртінші абзацта:

«30 000 (отыз мың) теңге» сандары мен сөздері «50 000 (елу мың) теңге» сандары мен сөздеріне ауыстырылсын;

бесінші абзацта:

«50 000 (елу мың) теңге» сандары мен сөздері «100 000 (жүз мың) теңге» сандары мен сөздеріне ауыстырылсын;

3) тармақша келесідей жаңа редакцияда жазылсын:

«3) Қазақстан Республикасының шегінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде жоғары технологиялық медициналық

көрсетілетін қызметтерді және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмекті алу үшін Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге және I, II, III топтағы мүгедектерге, 16 жасқа дейінгі бала кезінен мүгедектерге және оларды ертіп жүрген адамдарға, теміржол көлігінде (екі бағытта) жылына бір рет, бірақ купелі вагон билетінің құнынан аспайтын мөлшерде, жол жүру төлемдері үшін.

Әлеуметтік көмек, егер жоғарыда аталған тұлғалар толық мемлекет қарауында болмаған жағдайда көрсетіледі».

2. «Қобда аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Қобда ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қобда аудандық мәслихатының
сессия төрағасы**

**Қобда аудандық мәслихатының
хатшысы**

Б. Урумбасаров

Ж. Ергалиев

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
Ақтөбе облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 21.04.2021
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізіліміне № 8268 болып енгізілді

Результаты согласования

Кобдинский районный маслихат - Председатель сессии Кобдинского районного маслихата Берик Максатович Урумбасаров, 16.04.2021 17:40:36, положительный результат проверки ЭЦП

Кобдинский районный маслихат - Секретарь Кобдинского районного маслихата Жанболат Канатбаевич Ергалиев, 16.04.2021 17:45:16, положительный результат проверки ЭЦП

Кобдинский районный маслихат - Председатель сессии Кобдинского районного маслихата Берик Максатович Урумбасаров, 16.04.2021 17:48:03, положительный результат проверки ЭЦП

Департамент юстиции Актюбинской области - Руководитель департамента юстиции Актюбинской области Бекбулат Жуматаевич Колумбаев, 19.04.2021 19:20:10, положительный результат проверки ЭЦП